

## Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Адам құқығы жөніндегі комиссия туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 1997 жылғы 22 сәуірдегі N 3470. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2003.03.19. N 1042 жарлығымен.

Қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Адам құқығы жөніндегі комиссия туралы ереже (қоса беріліп отыр) бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Адам құқығы жөніндегі комиссияның құрамы (қоса беріліп отыр) бекітілсін.
3. "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Адам құқығы жөніндегі комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 3 маусымдағы N 3009 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 26, 212-құжат) күші жойылған деп танылсын.
4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
П р е з и д е н т і н і ң  
1 9 9 7 ж ы л ғ ы 2 2 с ә у і р д е г і  
N 3 4 7 0 Ж а р л ы ғ ы м е н  
бекітілген

### **Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Адам құқығы жөніндегі комиссия туралы ЕРЕЖЕ**

1. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Адам құқығы жөніндегі комиссия (бұдан былай - Комиссия) Мемлекет басшысының жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Комиссия қызметін үйлестіруді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы жүзеге асырады.

2. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының Президентіне адамның және азаматтың құқығы мен бостандықтарының кепілі ретіндегі өзінің конституциялық мәртебесін іске асыруына;

2) адамның және азаматтың құқығы мен бостандықтарының қамтамасыз етілуі мен қорғалуы тетігін жетілдіруге жәрдемдесу болып табылады.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституция мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының өкімдерін және осы Ережені басшылыққа алады.

#### 4. Комиссияның құзыреті:

1) адамның және азаматтың құқығы мен бостандықтары жөнінде Мемлекет басшысына және тікелей Комиссияға жолданған өтініштерді қарайды;

2) адам құқығының сақталуы туралы жыл сайынғы әрі арнаулы баяндамалар әзірлейді;

3) адамның және азаматтың құқығы мен бостандықтарының қамтамасыз етілуі және қорғалуы тетігін жетілдіру туралы ұсыныстар әзірлейді;

4) Қазақстан Республикасының мүдделерін қозғайтын адам құқығы саласындағы халықаралық-құқықтық актілер жөнінде талдау материалдарын, сараптау-ұсынымдық қорытындылар мен ұсыныстар даярлайды;

5) адам құқығы жөніндегі халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысады.

5. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында:

1) органдар мен лауазымды адамдардан қажетті мәліметтерді, құжаттар мен материалдарды сұратып алдыруға;

2) өз отырыстарында адамның және азаматтың құқығы мен бостандықтарын қамтамасыз етуге және қорғауға байланысты мәселелер жөнінде тиісті лауазымды адамдардың хабарламасын тыңдауға;

3) жекелеген жұмыстарды жүзеге асыру үшін белгіленген тәртіппен ғалымдар мен мамандарды тартуға хақылы.

6. Комиссияның отырыстарында қабылданатын және Қазақстан Республикасы Президентінің назарына жеткізілетін ұсынымдар мен қорытындылар Комиссияның шешімдері болып табылады.

Комиссияның ұсынымдары мен шешімдері Комиссияның отырысына қатысқан мүшелері санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

7. Комиссия Мемлекеттік хатшының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Комиссия төрағасынан, хатшысы мен мүшелерінен тұрады.

Комиссия төрағасы мен мүшелері Комиссия жұмысына қоғамдық негізде қатысады.

*Ескерту. 7-тармақтың 3-абзацы алынып тасталды - ҚР Президентінің 1999.03.24. N 89 жарлығымен.*

8. Комиссия қызметін ұйымдық және ақпараттық қамтамасыз етуді оның Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрамына кіретін хатшылығы

ж ү з е г е

а с ы р а д ы .

*Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1999.03.24. N 89 жарлығымен.*

9. Комиссия қызметін ұйымдық және ақпараттық қамтамасыз етуді Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшесі болып табылатын Адам құқығы жөніндегі комиссия хатшылығы жүзеге асырады.

Комиссия хатшылығы сол сияқты облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасының әкімдері аппараттарының қарауында адам құқығы мәселелері болатын лауазымды адамдарына ұйымдық-әдістемелік, ақпараттық және өзге де көмек көрсетеді.

Комиссия хатшылығы қызметкерлерінің қызметтік міндеттері Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Басшысы бекітетін ол туралы Ережемен айқындалады.

10. Комиссияның отырыстарын оның төрағасы қажеттілікке қарай, тоқсан сайын кемінде бір рет шақырады. Комиссия отырыстары Комиссия мүшелері жалпы санының үштен екісі қатысқан жағдайда құқылы болады.

Комиссия төрағасы орнында болмаған уақытта оның отырыстарында Комиссия хатшысы төрағалық етеді.

11. Сараптамалық-талдау зерттеулерін жүргізу үшін Комиссия жанынан ғылыми мекемелер мен үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінен қоғамдық негізде жұмыс істейтін Сарапшылық кеңес құрылады.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 7

ж ы л ғ ы

2 2

с ә у і р д е г і

N

3 4 7 0

Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы**

**Адам құқығы жөніндегі комиссияның құрамы**

Әбділдин Жабайхан

- Қазақстан Республикасы Парламенті

Мүбәрақұлы

Сенатының Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік жөніндегі комитетінің

төрағасы (келісім бойынша)

Байқадамов Болат -

- Қазақстан Республикасы Президентінің

Кенжекешұлы

жанындағы Адам құқығы жөніндегі

комиссия Хатшылығының меңгерушісі

**Комиссия мүшелері:**

Әбусейтов

- Қазақстан Республикасының

Қайрат Қуатұлы

Сыртқы істер вице-министрі

Бодин - Астана округі шіркеулерінің тақуасы  
Сергей Анатольевич (келісім бойынша)  
(Иеромонах Агафангел)

Тасмағамбетов - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сағитжан Досымұлы  
Соты әскери сот алқасының  
төрағасы

Цой Геральд - Қазақ аймақтық "Тесен"  
Владимирович әлеуметтік-құқықтық қорғау  
комитетінің төрағасы

Мартынов - Қазақстан Кәсіподақтар федерациясы  
Леонид Николаевич төрағасының орынбасары

Байменов - Қазақстан Республикасының  
Әлихан Мұхамедияұлы Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрі

Дербісәлі Әбсаттар - Бас мүфти, Қазақстан мұсылмандары  
Діни басқармасының төрағасы  
(келісім бойынша)

Жүкенов Әбдірашит - Қазақстан Республикасы  
Төлегенұлы Бас прокурорының орынбасары

Отто - Қазақстан Республикасының  
Иван Иванович Ішкі істер вице-министрі

Өтеулина - "Юридическая газетаның"  
Ирина Кимовна Бас редакторы (келісім бойынша)

Рогов - Қазақстан Республикасының  
Игорь Иванович Әділет министрі

*ЕСКЕРТУ. Құрам өзгертілді - ҚР Президентінің 1998.06.06. N  
3976 жарлығымен.*

*ЕСКЕРТУ. Құрам өзгерді - ҚР Президентінің 2000.03.18. N 363 жарлығымен.*

*ЕСКЕРТУ. Құрам өзгерді - ҚР Президентінің 2001.10.24. N 714 жарлығымен.*